

С. Құттымұратов

ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТУРАЛЫ ИДЕЯЛАРЫ

XX ғасырдың басындағы сұрапыл және ұлт пен мемлекет үшін шешуші кезеңде көптеген зиялы азаматтар арасында Тұрар Рысқұлов та тарих сахнасына шықты. Қазақстанның қазіргі оңтүстік облыстарының аумақтары кіретін Түркістан өлкесінде Кеңес үкіметін орнатуға, Түркістан АССР-нің мемлекеттік-құқықтық тұрғыдан қалыптасуына, өңірдің саяси-әлеуметтік жағдайының жақсаруына атсалысқан, кейіннен Түркістан Республикасында түркі тілдес халықтарының ортақ мемлекеттілігін, олардың саяси дербес болуы үшін көп еңбек еткен азаматтың бірі – осы Тұрар Рысқұлов болатын. Оның текетіреске толы, өмірінің соңына дейін елі мен жұртының қамы үшін күрескенін халық жадынан шығармайды. Қазақ халқының көрнекті перзенті, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұлов өзі өмір сүрген кезеңде туған елінің болашағы үшін көп нәрсе жасады. Рысқұловтың артына қалдырған өшпес мұрасы – саясат, экономика және рухани құндылықтар тақырыбына жазған публицистикалық, терең зерттеу еңбектері мен мақалалары бүгінде өз ұрпағына қызмет етуде. Әсіресе, солардың ішінде экономика және қаржы-қаражат мәселелеріне арналған еңбектерін ойшылдар мен жас ғалымдар әлі күнге дейін іздеп оқиды.

Т. Рысқұловтың басшылығымен Түрікаткомның түбірлі жаңа саясат ұстана бастағанынан қауіптенген Түріккомиссия оған астыртын тосқауыл қоюға көшеді. 1920 жылы 18 ақпанда Өлкелік партия комитеті, Түрікатком, Түріккомиссия және республиканың бірнеше комиссариатының басшылары қатынасқан мәжілісте Түріккомиссияның Түркістан майданы жанындағы Ерекше бөлім мен Түркістан Республикасының Төтенше Комиссиясының (Турчека) біріктіру туралы ұсынысы талқыланады. Ерекше бөлім Түркістан майданы басқармасы арқылы тікелей Мәскеуге, ал Төтенше Комиссия сынды репрессиялық органды Ерекше бөліммен біріктіру арқылы оны Түрікатком құзырынан шығарып алуға әрекеттенді. Т. Рысқұлов мұндай айлалы әрекетке қатты қарсылық білдірді. «Ерекше бөлім мен Төтенше Комиссияның бірігуіне жол беруге болмайды, - дейді Т. Рысқұлов, - өйткені Ерекше бөлім Түркістан майданы Революциялық-әскери Кеңесіне бағынады, ал Төтенше Комиссия Түрікаткомға бағынуға міндетті. Түрікаткомның Ерекше бөлімге жалынышты болуы ақылға сыйымсыз іс. Ерекше бөлім жергілікті жердің нағыз қожасына айналады және Түрікатком Ерекше бөлімнің өкілдері мен жансыздары (тыңшылары) тарапынан жіберілуі мүмкін түрліше өрескелдіктермен күресе алмайтын қалге ұшырайды. Сондықтан Түрікаткомды жоққа шығаруға болмайды. Орталық өкілін Ерекше бөлімнің бастығы етіп тағайындағанда Түрікаткоммен санасқан жоқ» [1, 115 б.].

Негізгі ойлары мен айла іс-әрекеттерінің сыры ашылып қалғанына наразы болған орыс коммунистері Т. Рысқұловқа бірігуден келер қауіп жоқ деп түсіндіре бастады. Мысалы, өз сөзінде Кактынь былай деді: «Ерекше бөлім мен Төтенше Комиссияның Революциялық-әскери Кеңеске бағынғаннан Түрікаткомға келер қауіп жоқ, себебі Түрікатком Өлкелік партия комитеті арқылы Ерекше бөлім мен Төтенше Комиссияның ұнамсыз және лайықсыз қызметкерлерін кез-келген уақытта алып тастай алады». Өзінің жауап сөзінде Т. Рысқұлов: «Ерекше бөлім өз қызметін халық бұл мекемеден шошынбайтындай етіп ұйымдастыруы керек. Бұл мақсатқа Ерекше бөлім Революциялық-әскери Кеңестің емес, Түрікаткомның басшылық нұсқаулары арқылы ғана жете алады, өйткені Түрікатком таза әскери мекеме - Революциялық-әскери Кеңеспен салыстырғанда халыққа анағұрлым жақынырақ. Мейлі, Төтенше Комиссия Ерекше бөліммен бірге-ақ қойсын, бірақ екеуі де Түрікаткомға бағынатын болсын.» Ал Түріккомиссияның дөрекі іс-әрекетіне ыза болған Н. Ходжаев: «егер Түріккомиссия Түрікаткоммен санасқысы келмесе, онда бұл туралы ашық айтсын. Түрікаткоммен санаспау дегеніміз республикада өмір сүріп отырған өкіметті күлкі ету деген сөз», – деп ашына сұрақ қояды. Бірақ, мәжіліс орыс коммунистерінің дауыс басымдылығымен бұл екі органды да Мәскеуге тікелей бағынатын етіп қаулы қабылдады.

Мәжілісте Ф.И. Голощекин Т. Рысқұловқа жаңа саясат ұстана бастағаны үшін кінәлай келе, былай деді: «жүргізілер саясаттың барлық бағытын жоғарғы партиялық орган ретінде Өлкелік партия комитеті белгілеп отырады, ал Түрікаткомның міндеті, өлкелік партия комитетінің пікірін басшылыққа алып, мемлекеттік машинаны белгілі бір бағытта жұмыс істеуге мәжбүр ету болып табылады». Саяси сорақылығы жөнінен Ш. Элиаваның сөзі Ф.И. Голощекиннің сөзінен де асып түсті. «Жолдас Рысқұлов, - дейді Ш. Элиава, - Өлкелік партия комитетінің Түрікаткомнан тыс жүргізер саясатын сынайды. Мен Өлкелік партия комитетінің Түрікаткомға басшылық нұсқаулар беріп отыруын талап етем».

Ең жоғары заң шығарушы және атқарушы орган ретінде Түрікаткомның қызметін жергілікті халықтардың өмір жағдайына жақындату – кезек күттірмейтін аса маңызды шара болатын. Түркістан Республикасы тұрғындарының ұлттық құрамы да осы принциптің қатаң сақталуын талап етті. 1920 жылғы деректер Түркістанның жергілікті халықтары оның барлық тұрғындарының 84 пайызы болғанын көрсетеді. 1917 жылы Түркістан өлкесін барлығы 7.668.000 адам мекендеген болса, бұл көрсеткіш 1920 жылы 5.221.963 адамға дейін құлдырады, яғни 3 жылға созылған «социалистік құрылыс» кезінде 2.447.037 адамға кеміді. Әлеуметтік революция тудырған қатыгез азамат соғысы мен сұрапыл аштықтың ауыр зардабын, ең алдымен, көшпелі қазақ және қырғыз халықтары тартты. 1917 жылы Түркістан өлкесін мекендеген қазақ пен қырғыздардың үлес салмағы тұрғындардың 44,36 пайызын құраса, ал 1920 жылы 30,8 пайызына әзер жетті. Түркістан өлкесінің тарихи-объективті жағдайынан мүлдем бейхабар орыс коммунистері басқарған кеңес өкіметі – жергілікті халықтардың қырғынға ұшырауына басты себепші болды.

Алда тұрған зор мақсаттарды орындау үшін Т. Рысқұлов ең алдымен қатаң мемлекеттік тәртіп орнатып, үйлесімді әкімшілік аппаратқа ие болуға ұмтылды. Республика облыстары мен уездеріндегі нақты жағдайды қатаң бақылауға алып, жергілікті ревкомдар мен атқару комитеттеріндегі шовинистік элементтерді басшылық қызметтерден ығыстырып шығару үшін Т. Рысқұлов 1920 жылы 5 ақпанда «Облыстық Революциялық Комитеттер туралы» уақытша ережелер жариялады. Ереже бойынша Сырдария, Ферғана, Самарқанд, Закаспий және Жетісу облыстарында уақытша революциялық комитеттер тағайындалып, олардың қолына облаткомдардың басқару құқықтары берілді. 19 ақпанда бұл ревкомдардың басшылығына жергілікті халықтардың өкілдері тағайындалған № 215 арнайы бұйрық жарияланды [2, 185 б.].

Берекесіздік пен бюрократиялық қойырtpаққа дағдыланып қалған республика комиссариаттары Түрікаткомның жаңа саясатымен санасқысы келмеді де, бұл жағдай Т. Рысқұловты пәрменді шаралар қолдануға мәжбүр етті. 1920 жылы 25 ақпанда Т. Рысқұлов Түрікаткомның арнайы мәжілісін шақырып, онда Түрікаткомға бағынудан бас тартқан Денсаулық сақтау халық комиссары Т.Г.Геллерді орнынан алды.

1920 жылы 1 наурызда Өлкелік партия комитеті, Түріккомиссия мен Түрікаткомның бірлескен мәжілісінде Т. Рысқұловтың I айлық жұмысының есебі тыңдалды. Мен төраға қызметіне кіріскеннен кейін, дейді Т. Рысқұлов, республикадағы барлық комиссариаттардың, мекемелердің және ұйымдардың жұмыстарын жіті тексеріп, істің барысымен нақты танысып шықтым. Бұл комиссариаттардың қызметі Түркістан тұрмысына икемделмеген, басында отырған Орталық өкілдері жергілікті жердің жағдайымен таныс емес. Тексеру кезінде бірде-бір комиссариат өз қызметін аңқты баяндап, есеп бере алмады. Барлық комиссариаттарда жергілікті халықтардың өкілдерін мемлекеттік басқару орындарына қасақана тартпау әдеті қалыптасқан, ал «мұсылмандар өздерін өздері басқара білуі қажет, олардың үстінен келімсектер басқаруы тиіс емес». Түріккомиссия Орталықтың өкілі ретінде қиын істе Түрікаткомға қолғабыс жасап, көмектесуші орган болуы тиіс.

Пікірталасты жалғастырған Ш. Элиава былай дейді: «Мұнда кеңес өкіметін құратын ешкім жоқ, мұсылмандар Түркістанда Кеңес өкіметінің еуропалықтардың көмегінсіз құра алмайды. Автономия дегеніміз – бізде әлеуметтік революция мен коммунизм идеясын жүзеге асыру құралы ғана, бірақ ол өзіндік мақсат емес. Егер біз автономияға мақсат ретінде қарар болсақ, онда Түріккомиссияға бұл жерде бітіретін ештеңе қалмайды»

Т. Рысқұлов Түрікаткомның беделін көтеріп, оны республикадағы ең жоғары саяси мекеме дәрежесіне жеткізу үшін бар мүмкіндікті сарқа пайдалана әрекет етті. Осы мақсатта шақырылған Түрікатком пленумы ірі саяси оқиға болды. 1920 жылы 11 наурызда Түрікатком пленумын аша отырып, Т. Рысқұлов былай дейді: «... жергіліктің халықтың өміріне қатысты белгілі бір декретті жүзеге асыру кезінде олардың жалпы тұрмысының ерекшеліктерін ескеру қажет, ... сондай-ақ біздің коммунистік принциптеріміз шариғат принциптеріне қайшы келмейтін тұста оны тап шариғатқа негіздей отырып халыққа неғұрлым түсінікті, неғұрлым үйреншікті түрде қабылдау керек». Негізгі тұрғындары ислам дінін тұтынып, шариғат заңы бойынша өмір сүріп жатқан республикада діни ерекшеліктерді ескеріп, коммунизм принциптерін шариғат заңымен ымыраластыру туралы пікірі дұрыс емес еді.

Қорытынды баяндамасында Т. Рысқұлов мемлекеттік және экономикалық басқару құрылымында іске асырылып жатқан өзгерістердің мәнін талдап түсіндіреді. Соңғы кезде мемлекеттік басқару құрылымында үлкен өзгерістер басталды, түрліше комиссариаттар жоспарлы жұмыс жүргізе бастады, бірақ «...әлі күнге дейін отарлау саясатын ұстанып отырған комиссариаттар аз емес, олар өздерін коммунистерміз деп жариялағандарымен де, отарлау саясатын жүргізуді жалғастыруда. «Бізге, - дейді Т. Рысқұлов, - бұдан былай отаршылықтың қажеті жоқ, біздің болашақтағы атқарар жұмысымыздың

басты максаты осы отаршылдық рухты жоюға бағытталуы тиіс, бұл біздің кезек күттірмес міндетіміз болуы қажет және мен біз бұл отаршыларды ауыздықтай аламыз деп сенемін» [3, 214 б.].

Түрікатком пленумының 1920 жылы 12 наурыздағы пленарлы мәжілісінің қаулысына сәкес әкімшілік-ұйымдастырушылық және бюджеттік сипаттағы практикалық мәселелерді шешу, конституциялық және жалпы мәселелерді даярлау, заңдық актілер мен ұсыныстарды әзірлеу, үкімет мекемелері мен түрліше комиссариаттардың қызметін біріктіріп, бірізділікке салу үшін жаңадан Халық Комиссарлар Кеңесі ұйымдастырылды. ХКК құрылуына байланысты Түрікатком жанында әрекет еткен: Қорғаныс, Мәдениет, Ағарту және Экономика кеңестері таратылды.

1. Ульмасбаев Ш., Слива С. Индустриальное развитие Узбекистана за годы Советской власти.- Т.: Узбекистан, 1966.- 270

2. Нурпейсов К.Н. Становление Советов в Казахстане (март 1917 г. – июнь 1918 г.).- Алматы:., Наука, 1987.- 240

3. Турсунов Х. Национальная политика Коммунистической партии в Туркестане (1919-1924гг.).- Т.: Узбекистан, 1971,366

Автор мақалада Тұрар Рысқұловтың мемлекет және құқық туралы ойлары мен идеялары, оларды жүзеге асырудың жолдары туралы қызметін саралайды.

М. Қуанышбеков

ҚАЗАҚ БИЛЕРІНІҢ ҮЛГІЛІ БИЛІК-ШЕШІМДЕРІНІҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Көшпелі қазақ даласындағы демократиялық биліктің негізгі тұтқасы қазақ билеріне тиесілі болған болатын. Қазақ билері хан билігінің тізгінін тарттырып отырумен қатар елдің ішіндегі үлкенді-кішілі дауларға бітім айтып, оның ушықпай бітіп отыруына үлкен ықпал еткен. Қазіргі тілмен айтатын болсақ, қазақ ішіндегі сот билігі мен сот ісін жүргізу осы билердің қолында болған. Қазақ билерінің билік-шешімдері кезінде елден-елге тарай отырып, бүкіл қазаққа үлгі болған да болатын. Ондай қазақ билерінің аузы дуалы болып, барлық рулы елді осы билікке бойы ұсындырып отырған. Қазақ даласындағы билер сотының бұл сиқыры белгілі ғалым С.З. Зимановтың пайымдауы бойынша мынада: «Билер қоғам назарындағы тұлға болғандықтан, олардың қызметі мен лауазымы ел арасындағы атағы мен даңқ дәрежесіне байланысты белгіленетін. Әрбір би атағының өз ортасына ғана емес, дүйім жұртқа жайылғанын қалаған. Ал мұндай мәртебе әкелер саны сүрлеу – ел сеніміне ие болып, үмітін ақтау үшін аянбай қызмет ету». [1, 50 б.]. Айтылған пікірмен келісе отырып, қазақ билерінің кейбір билік-шешімдеріне көңіл бөлуді жөн көріп отырмыз.

Қазақ ішінде сақталған үлгілі билік-шешімдердің бірі кезінде Төле би айтқан «Тұсау ат сақтайды, ат ер сақтайды, ер ел сақтайды» деген атпен белгілі. Бұл биліктің негізі мынандай:

«Тәуке ханның билігін үш жүздің қалай қолдағанын бейнелейтін бір мысал мынандай. Төле би шідер ұрлап қолға түскен бір ұрыға ұрланған шідердің үш тармағын үш аттың аяғына салдырып «енді осы үш атты үш жаққа ұрып айда, егер аттар шідерді үзіп босанып кетсе, айыптан азатсың, ал шідер үзілмесе, үшеуін біріктіріп ұстаса, онда ол үш тармақты шідер емес, ер ердің қызметін атқарғаны. Онда бір тармағы үшін бір бесті айып төлейсің» деген үкім айтады. Әрине, мықты қайыстан жұмырлап өрілген шідерді аттар үзіп кете алмайды, ұры бір шідер үшін үш ат төлеп құтылады. Төленің бұл билігін қазақтар да, кейін қазақтың әдет заңын зерттеген орыс оқымыстылары да «даналық шешім» деп бағалайды». [2, 19 б.]. Осы жерде бұл шешімнің орысша нұсқасын да беріп өткенді жөн көріп отырмыз.

За кражу чего-либо из конских или сидельных принадлежностей существуют особые аипы, далеко превышающие их нормальную ценность и относящиеся разумеется не к нашему времени, а вызванные без сомнения необходимостью времени существования в степи баранты и хищничества повсюду, когда, как военное время, нельзя было не смотреть на каждую из принадлежностей сидельного прибора, при всей простоте материала, из которого они сделаны, как на предмет первой необходимости. – Тек некто из большой орды, по имени Уйсюн Тулебий, по одному бывшему в его время делу о покраже один уйсюневцев у другого треног, по-киргизски чидерь, постановил следующее оригинальное и неслыханное до-толе решение: По объяснении каждым из тяжущихся лиц сущности дело, он долго сидел как бы задумавшись над решением такого пустого случая; потом приказал надеть треноги тремя концами на три лошади так, чтобы у каждого стреножено было по одной задней ноге. Стреножив таким образом одними треногами трех лошадей, каждую за одну ногу, бий приказал погнать каждую из них врозь и в разные стороны, при чем сказал, что если треноги от этого порвутся – не полагать за них никакой платы и никакого аипа. Но они не смотря на усилия